

Б.А. Жүрсінбаев\* , Е.Қ. Серікбаев , Қ.А. Шолпанқұлова 

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз қ.

\*e-mail: bakytzhan\_72@mail.ru

## ҚАРАХАН ӘУЛЕТІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ ЖӘНЕ ҚАҒАНАТТЫ ҚҰРҒАН ТАЙПАЛАР

Бұл мақалада Мауреннахр, Жетісу және Шығыс Түркістанның бір бөлігінде дүниеге келген Қарахан мемлекетінің негізін қалаған қарлұқ, оғыз, шігіл, яғма, тухси және тағы басқа да тайпалардың саяси тарихы мен географиялық орналасу мекендері ғылыми зерттеулер арқылы жан-жақты баяндалады. Әсіресе мақалада Қарахан әулетінің шығу тегі және олардың түріктің қай тайпасынан шыққаны жөніндегі мәселелер қарастырылып, оған бірнеше деректердің негізінде ғылыми талдаулар жүргізіледі және бұл әулеттің шығуы жөнінде қалыптасқан көптеген көзқарастарға бағалар беріледі. Соның ішінде ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі Орталық Тяньшан мен оның маңайындағы аймақтарында өткен тарихи оқиғалардағы қарлұқ, қырғыз және басқа да тайпалардың көмегі арқылы Шығыс Түрік қағанатын талқандауды аяқтап, өзінің жақын арадағы одақтастарын бағындырған ұйғырлардың немесе олардан жеңіліп оңтүстікке қарай ығысқан қарлұқтар сияқты тайпалардың рөліне тарихи-географиялық шолу жасалады. Мұнымен қатар мақалада шығыс авторларының қате мәліметтеріне сүйенген кейбір зерттеушілердің қарахандық билеушілердің ұйғыр, қарлұқ, тухси, түркеш немесе яғмалардан тарайды деген пікірлері шынайы тарихи дәлелдермен теріске шығарылып, қарахандық әулеттің негізін шігіл тайпалары қалаған деген тұжырым түрлі деректердің материалдары бойынша сарапталады.

**Түйін сөздер:** Жетісу, Тараз, Ыстықкөл, Қарахан, қарлұқ, оғыз, шігіл, яғма, тухси, тайпалар, әулет.

B.A. Dzhursunbaev\*, E.K. Serikbaev, K.A. Sholpankulova  
Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Kazakhstan, Taraz  
\*e-mail: bakytzhan\_72@mail.ru

### The origin of the Karakhanid dynasty and the founding tribes of the Khaganate

This article provides a detailed scientific study of the political history and geographical location of the Karluks, Oguzes, Chigils, Yagma, Tukhsi and other tribes that founded the Karakhanid state in Maurennahr, Semirechye and some parts of East Turkestan. In particular, the article deals with issues of origin, including the tribal origin of the Karakhanid dynasty, their scientific analysis is carried out on the basis of a number of sources, and an assessment is made of many views on the formation of this dynasty. And also, in a historical and geographical way, the works of medieval authors about historical events in the Central Tien Shan and its environs are reviewed, which describe the role of the Uyghurs, who destroyed the East Turkestan Khaganate with the help of the Karluks, Kyrgyz and other tribes, or about the Karluk tribe, who migrated south after their victory. In addition, the article scientifically refutes the assertions of a number of researchers that the Karakhanid rulers descended from the Uighurs, Karluks, Tukhsi, Turkeshs or Yaghmas, based on erroneous information from Eastern authors, and analyzes the concept of founding the Karakhanid dynasty by the Chigil tribes based on various source materials.

**Key words:** Semirechye, Taraz, Issyk-Kul, Karakhan, Karluk, Oguz, Chigil, Yagma, Tukhsi, tribes, dynasty.

Б.А. Джурсунбаев\*, Е.Қ. Серікбаев, Қ.А. Шолпанқұлова  
Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз  
\*e-mail: bakytzhan\_72@mail.ru

### Происхождение династии Караханидов и основополагающие племена каганата

В данной статье проводится подробное научное исследование политической истории и географического месторасположения карлуков, огузов, чигилов, ягма, тухси и других племен, основавших Караханидское государство в Мауреннахре, Семиречье и некоторых частях

Восточного Туркестана. В частности, в статье рассматриваются вопросы происхождения, в том числе племенное происхождение династии Караханидов, проводится их научный анализ на основе ряда источников, дается оценка множеству взглядов на образование этой династии. А также историко-географическим путем обозреваются труды средневековых авторов об исторических событиях в Центральном Тяньшане и его окрестностях, в которых описываются роль уйгуров, уничтоживших Восточно-Тюркский каганат с помощью карлуков, кыргызов и других племен, или о племени карлуков, откочевавших на юг после их победы. Кроме того, статья научно опровергает утверждения ряда исследователей о том, что караханидские правители произошли от уйгуров, карлуков, тухси, тюркешей или ягмасов, основанные на ошибочных сведениях восточных авторов, анализируется по разным источникам материал концепция основания династии Караханидов племенами чигилов.

**Ключевые слова:** Семиречье, Тараз, Иссык-Куль, Карахан, карлук, огуз, чигил, ягма, тухси, племена, династия.

## Кіріспе

Қазіргі таңда мемлекетіміз тәуелсіздік алып, еліміз өзінің тарихын қайта қарастырып жатқан уақытта Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын зерттеу өте өзекті тақырыпқа айналып отыр. Оның себебі Қарахан әулетінің шығу тегі және олардың түріктің қай тайпасынан шыққаны жөніндегі мәселелер деректердің аздығынан әлі де толық ашылмауда. Сондықтан қазіргі уақытқа дейін Қарахан қағанатының негізін қалаған билеуші әулетінің шығу мәселесі зерттеушілердің арасында ерекше орын алады. Жалпы Қарахан мемлекеті бірден емес, біртіндеп, жаулап алған жерлерде Қарахан әулеті билігінің орнығуына қарай қалыптасады. Қарахандар өздері бағындырған жергілікті халықтардың көптеген мемлекеттік дәстүрлерін мұра етті және оған ежелгі түрік мемлекеті, Түргеш, әсіресе қарлұқ қағанаттары терең ықпал жасады. Ғазнаулер сияқты қарахандар да саманилердің мемлекеттік құрылысының кейбір сипаттарын қабылдады. Көшпенділер құрған басқа мемлекеттерге ұқсастық бойынша пайымдайтын болсақ, онда қарахан мемлекетінде, қалай болғанда да оның тарихының ерте кезеңінде жеңіп алған өңірлерге билік жүргізу нақ сол ең ірі және күшті этникалық-саяси бірлестіктер басшыларының, бірінші кезекте шігілдердің билігіне шоғырланған деп жорамалдауға болады. Бұл «арслан» (арыстан) және «боғра» (бұғы) құрметті атақтарымен атанған жоғарғы Қарахан билеушілерінің атақтарымен дәлелденеді. Арслан, дәлірек айтқанда, Арслан хан атағын шігілдердің билеушісі алған. Мемлекеттің бүкіл аймағы формалды түрде билеуші әулеттің меншігі болып есептелді.

## Материалдар мен әдістер

Ғылыми білім ауқымының кеңейіп, онда шынайылықтың көрініс табу деңгейі арта түскен сайын жаңа ғылыми білімді алудың әдістерін, тәсілдерін және жолдарын қарастыру ғылым методологиясының міндеті саналады. Сондықтан да ғылым методологиясы әрқашан жаңа ғылыми білім алуға бағыттталып, таным ауқымының кеңеюіне қызмет етеді. Таным білімді игерумен сипатталатын рухани әрекет болғандықтан, ол жаңа білімге жетуге жол көрсететін методологиялық ұстанымдар – концепциялар мен теорияларды дүниеге әкеледі. Осыған байланысты Кеңестер Одағы ыдыраған соң өз тәуелсіздігінің жариялаған посткеңестік республикалардың тарих ғылымында оң өзгерістер бой көрсетіп, жаңа әдістік көзқарастар мен диалектикалық даму үстіндегі өркениеттілік негізгі ұстаным ретінде орнығуда. Бүгінгі таңда өркениеттілік ұстаным ағартушылық пен тәрбиелеу функцияларын атқаратын және ұлттық дәстүрді зерттеу мен ұлттық идеяның орнығуына қызмет ететін әмбебап парадигма ретінде алдыңғы қатарға шығуда. Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын қарастырғанда бірінші кезекте бұл мемлекеттің дамуы өркениетпен тікелей байланыста екендігін назарда ұстауымыз қажет. Өркениеттілік ұстаным тарихи зерттеулер методологиясының тарихилық (историзм) принципімен де үйлесімділік табады. Тарихилық принципін жақтаушылар тарих ғылым ретінде тарихи сананы жаңғыртуға және өткен дәуірдегі тарихи оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсініктің шынайы болуына қызмет етуі тиіс деп есептеді. Ұсынылған осы қағидаға біз қарастырып отырған мәселені келтіре аламыз. Сонда Қарахан

мемлекеті мен оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік аламыз. Бұл ретте Қарахан мемлекетінің негізін қалаған қарлұқ, оғыз, шігіл, яғма, тухси және тағы басқа да тайпалардың тарихи рөлдеріне көңіл бөліну арта түседі. Өркениеттілік ұстаным аясында гуманизм идеялары адамгершілікті, адамзаттың еркіндігі мен теңдігін ардақтайды және әрбір жеке тұлғаның ар-намысын құрметтейді. Гуманизм тек дүниетанымдық концепция ғана емес, ол экономикалық, саяси және мәдени өмірдің тұтастығын дәріптейді. Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын қарастыру барысында гуманизм концепциясы басшылыққа алынған жағдайда тарихтың тәрбиелеу функциясының елеулі бір бөлігі жүзеге асырылып, тайпалардың бейбіт өмір сүруі, ынтымақтастығы дәріптеліп, қан төгіске соқтырған оқиғалардың оларға тигізген зардаптары баса көрсетіледі. Ғылыми таным методологиясын зерттеуші ғалымдар дәлел келтірудің өзін жасалған тұжырымдарға көз жеткізудің методологиясы ретінде қарастыруды ұсынуда. Сондай-ақ олар дәлелдің фактілік (айғақтық) және логикалық аспектілері белгілі бір концепция бойынша жасалған тұжырымның сенімділік көрсеткіші деп санайды. Осындай пікір негізінде Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихына қатысты жаңа деректік мәліметті жаңа тұжырымдар жасауға алып келеді деп те есептеуге болады. Сонымен қатар әрбір жаңа дерек ғылыми айналымға тартылуы арқылы Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихына қатысты таным деңгейін арттыруға қызмет етуі деп қабылдануы тиіс. Ғылымдағы «плюрализмнің» көрінісі белгілі бір тарихи оқиғаға түрліше баға беріліп, оның біреуі ғана дұрыс болып табылады. Дұрыс бағаның өзіне танымдық процестің жетілу негізіне дәлелдің айғақтық аспектісі мен жасалған тұжырымның логикалық тұрғыда үйлесімді болуы елеулі рөл атқарады. Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын бағалауда да түрлі деректік материалдарды ғылыми айналымға тартудың өзіндік танымдық маңызы бар. Саясат пен идеологиядан тысқары емес тарих ғылымы оларға елеулі дәрежеде ықпал жасайды. Сонымен қатар белгілі бір идеологиялық құндылықтарды қорғау арқылы қоғамдық сананың қалыптасуына септігін тигізіп қана қоймай, оны гуманды бағытқа бұру потенциалына ие. Осыны ескере отырып тарихи зерттеуде

ұлттық санамызды көтеру, ұлттық мемлекетімізді нығайта түсу бағытындағы ұстанымда болуымыз ұлттық құндылықтардың беріктігіне қызмет етеді. Тақырыпқа қатысты деректерді зерттеу барысында ғылым әдістемесінің негізгі қағидалары мен тарихилық принциптері басшылыққа алынды. Тарихи шындықты, ақиқатты ашу үшін деректердің жүйелілігі қажет екені белгілі. Сондықтан да герменевтика тәсілі – деректік материалдардың дұрыс талдануы, мазмұнының шынайы берілуіне көп көңіл бөлінді. Сонымен Қарахан мемлекеті және оның негізін қалаған билік етуші әулеттің тарихын диалектикалық даму үрдісінде, өркениеттілік ұстаным мен тарихилық принцип тұрғысында зерттелуі қажеттігі мақаланы жазу барысында назарға алынды.

### Нәтижелер және талдаулар

X ғасырдың ортасында Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында және Шығыс Түркістан өлкесінің бір бөлігінде экономикалық және саяси даму жағынан басқа мемлекеттерден жоғары тұрған Қарахан мемлекеті саяси аренаға шығады. Өкінішке орай ғылыми айналымда бұл мемлекеттің тарихына қатысты деректер өте аз, оның үстіне кейбір мәліметтер жартылай аңыз түрінде кездеседі. Осыған байланысты Қарахан әулетінің шығу тегі және олардың түріктің қай тайпасынан шыққаны жөніндегі мәселелер әлі де толық ашылмауда. Сондықтан қазіргі уақытқа дейін Қарахан қағанатының негізін қалаған билеуші әулетінің шығу мәселесі зерттеушілердің арасындағы ең күрделі пікірталасқа айналғандықтан, көптеген көзқарастар қалыптасқан. Соның ішінде алғашқылары болып Ж.Дегин мен орыс шығыстанушысы Х.Д.Френ Қарахан әулетін ұйғыр билеушілерінен шыққан деген пікір айтады. Олардың мұндай көзқарасын Ю.М.Клапрот, И.Р.Абель-Ремова, К.Т.Рено, Г.А.Вамбери, Э.В.Бретшнейдер, В.В.Радлов, Ф.Г.Скраин, Э.Д.Росс, И.Маркварт және басқалары да қолдап, негізінен ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі Орталық Тяньшан мен оның маңайындағы аймақтарында өткен тарихи оқиғалардағы тайпалардың рөліне сүйенеді. Мәселен 745 жылы ұйғырлар қарлұқ, қырғыз және басқа да тайпалардың көмегі арқылы Шығыс Түрік қағанатын талқандауды аяқтап, өзінің жақын арадағы одақтастарын бағындыруға көшкен. Сол кезде ұйғырлармен күресте Саян-Алтайдың басқа да тайпалары сияқты

қарлұқтарда жеңіліске ұшырайды. Ұйғырдың қағаны Мойын Шораның құрметіне қойылған ескерткіште осы билеушінің әскерлері 755 жылы қарлұқтарды жеңгені жөнінде жазылған. Жоғарыдағы зерттеушілер болса ұйғырлардың осы жеңістерін алға тартып Қараханның билеуші әулетін ұйғырларға әкеп тіреген. Алайда олардың алға тартқан пікірлерінің дұрыс еместігі шынайы тарихи дәлелдермен нақтыланған. Өйткені 755 жылғы жеңілістен кейін қарлұқтардың басым бөлігі оңтүстікке қарай жылжып, 766 жылы түргештердің Шу өңіріндегі Суяб деген астанасымен қоса барлық иелігін басып алады (Бартольд, 1963 а: 259). Тарихи мәліметтерге сүйенсек, қарлұқтар VIII ғасырдың үшінші ширегінде Қашқарияны, содан соң Ферғананы басып алып, Сырдарияға дейін жеткен. Қарлұқтарды қайтадан қуып шығу үшін арабтың жергілікті әкімі Гитриф бин Ата (792-793) Амра бин Джамилды Ферғанаға аттандырса, 816 жылы Фадл бин Сахл деген арабтардың келесі бір қолбасшысы Отырардың түбінде қарлұқтардың балалары мен әйелдерін тұтқындаған. Осы мәліметтер IX ғасырдың ортасында қарлұқтардың иелігі батысында Сырдария мен Ферғанаға дейін созылғанын аңғартады (Бартольд, 1963 а: 260).

Ибн Хаукали, Истахри, ал-Мукаддаси, Гардизи және басқа да шығыс авторларының жазба деректеріне сүйенген В.В. Бартольд қарлұқтар Меркеден басқа Құлан, Барсхан сияқты қалаларға иелік жасап, шігілдермен шекарасы Тон және Талхиз мекендері бойынша, Исфиджаб арқылы оғыздармен, ал Сырдария бойынша мұсылман елдерімен шекара бөліскенін жазады (Бартольд, 1963: 36-39). IX-X ғасырларда Орталық Тянь-Шанда мекендеген қарлұқтар туралы шығыс деректеріне сүйеніп жазған В.В. Бартольдтың келтірген мәліметтерінен бөлек басқа да шығыс авторларының шығармаларынан табылады. Мәселен, ибн Хордабектің жазбасында мұсылмандар иелік ететін жерлермен шекаралас Талас алқабында қарлұқтардың Нушаджан және Тараз қалалары орналасқаны жөнінде жазған (Ибн Хордадбех, 1986: 138). «Худуд ал-алам» деп аталатын шығармада да қарлұқтарға тиісті қалалар мен елді-мекендер айтылып, олар Нункат немесе Невакет, Керминке және Шу мен Талас алқабындағы Ұрын-Арч, шығыс жағында Ыстықкөл ойпаты, Тозан бұлақ, Кукуал, Атлалих сияқты елді мекендерден тұрған (Hudud al-Alam, 1982: 97). Осылайша шығыс авторларының мәліметтері бойынша IX-X ғасырларда қарлұқтардың басым бөлігі Орталық

Тянь-Шань мен оған жапсарлас аудандарда өмір сүріп, Талас өзенінің алқабымен Исфиджаб және Фараб қалаларының аралығын мекен еткен. Сондықтан қарахандықтар ұйғырлардан шыққан деген теорияны үзілді-кесілді жоққа шығарған Ф. Гренвард пен Э. Шаванда VIII-IX ғасырларда ұйғырлар мен Саманидтік мемлекетінің арасындағы Жетісу мен Орталық Тяньшанда орналасқан Қарлұқ мемлекеті өмір сүргендіктен, Қарахан әулеті осы тайпалардан шыққан деген тұжырым жасайды (Edouard Chavannes, 1900: 65). Дәл осындай пікірді О. Прицак қолдап, Қарахан әулетінің негізін кезінде Тухе-Ашина әулетінің бір бұтағын құраған хандық руға кіретін шігіл және яғма тайпаларынан шыққан Қарлұқ билеушілерінің өкілдері қалаған дегенді алға тартады. О. Прицак өзінің негіздемесін Джихизада тоғызғыздар көпшілікті құрағанымен олар манихей дінін қабылдағандықтан қарлұқтарға билікті беріп қойды, ал қарлұқтар болса саманидтердің батыс жағында тәуелсіз күшті мемлекетін құрды, сондай-ақ Масудидың қарлұқтар Ферғана, Шаш және оған шекаралас облыстарда тұрып, басқа түрік тайпаларына билік етті, Гардизидің 840 жылы қырғыздардың хаканьянцыларды (ұйғырларды) талқандап, олардың басшылары қарлұқтардың билеушілеріне бағынды деген сөздеріне сүйеніп жасайды (Караев, 1983: 56). С.Г. Кляшторный да О. Прицак сүйенген деректер арқылы Қарахан әулеті қарлұқтардан шыққан деген пікірді одан әрі дамытып, бұрынғы қарлұқтардың билеушісі Білге құл Қадыр қаған Қарахан әулетінің негізін қалаған деген тұжырымдаманы негіз етеді (Кляшторный, 1972: 20). В.В. Григорьевте қарахандық әулетті бастапқыда ұйғырлардан шығарса, кейін қарлұқтар саманидтік мемлекеттің шекарасынан шығыс бөлігінде өмір сүрген деп IX-X ғасырлардағы мұсылмандық авторлардың еңбектеріне сүйене отырып, ол да қарахандықтарды қарлұқтарға жатқызады (Григорьев, 1874: 23). Жоғарыдағы болжамды Н.А. Аристов пен басқа да зерттеушілер қолдайды (Аристов, 1896: 313). Дегенмен қарлұқтар Қарахан мемлекетін құруда ең басты рөл атқарып, әскерлерінің негізгі өзегіне айналғанымен, қарахандық билеуші әулет қарлұқ тайпаларынан шығуы мүмкін емес еді. Себебі X ғасырда қарлұқ тайпалары Орталық Тянь-Шанның саяси өмірінде бұрынғыдай рөл атқара алмағаны былай тұрсын, бұл кезде олардың біртұтас билігі өмір сүруін тоқтатқан еді. Өйткені қарлұқтардың жабғуы елдің басшысы болып саналғанымен, қалалар мен аудандардағы биліктер жергілікті

қарлұқ және басқа да тайпа билеушілерінің қолында болғанына қарамастан, жекелеген тайпа рубасшылары дербес саясатын жүргізіп отырған. Мұның бәрін жазба дерек көздері растай түседі. Мысалға, ордасы Ыстықкөлдің жағасында орналасқан шігіл тайпаларының басшысы тексин отырса, Тараздың билеушісі айлас деп аталды. Ал Суяб қаласының ялан-шах, тухси мен лабан тайпаларының билеушілері куртегин атауын иеленді. Бұл қалалар мен иеліктер өз әскерлерін ұстады және жауға қарсы бірнеше мың сарбаздарды шығара алатын. 942 жылы қарлұқ иелігімен саяхаттаған Абу Дулаф былай деп жазады: «олар үнемі бір-бірін ренжітіп, қысым көрсетеді және бір-бірін көре алмайды» (Григорьев, 2011: 35). Бұл мәлімет қарлұқ тайпаларының арасында өзара араздықтың күшейгенін және X ғасырда саяси биліктен айрылып қалғанын көрсетеді. Сонымен қатар аталмыш дерек X ғасырдың бірінші жартысында өлкеде бір орталыққа бағынған мемлекеттің болмағанын және қарлұқтардың жабғуы Қарахан әулетін басқармақ түгілі өзінің қарамағындағы тайпалардың басын біріктіре алмағанын айқындап береді. (Греков, 1958: 486). Осыған байланысты В.В. Бартольд Қарахан әулеті қарлұқ, яғма және шігіл деп аталатын үш халықтың бірінен шығуы мүмкін дегенді жаза отырып, бұл мәселені әлі де анықтау қажеттігін алға тартады (Бартольд, 1968: 70-73). Өйткені, Қарлұқ мемлекетіне күш-қуаттары бір-бірінен кем емес шігілдер мен яғма тайпалары кіретін (Давидович, 1957: 95).

Жалпы Қарлұқ мемлекетінің ыдырауы IX ғасырда-ақ басталған. 840 жылы саманид Нух ибн Асад қарлұқ жабғуының билігіндегі Исфиджабты басып алса, кейін одан да күшті келесі саманид Исмаил 893-94 жылы Талас алқабына жорықтар ұйымдастырып, Тараз қаласын өз билігіне қаратқан. Деректерге сүйенсек басқыншылар осы жорық кезінде он мың түрікті билеушісімен бірге өлтіріп, 15 мың адамды тұтқынға айдап кеткен (Бартольд, 1963б: 282). Ибн ал-Асир мен Абу-и-Фараджаның мәліметтері бойынша 906 жылы Исмаил түріктерге қарсы тағы да жорықтар ұйымдастырып, Түркістанның көптеген жерлерін иелігіне енгізген (Караев, 1983: 69). Одан кейін де қарлұқтардың жабғуы Талас алқабынан бастап шығысқа қарайғы иеліктерінен айрыла береді. Ал-Мукаддасидің жазуынша Орда қаласының патшасы Исфиджабтың билеушісіне үнемі алым-салық төлеп тұрған (Бартольд, 1963б: 293). Өздерінің иеліктерін қарлұқтардың есебінен ұлғайтқан саманилер X ғасырда Үзгенттің маңайындағы

Хефтдех деп аталатын елді-мекенді тартып алады (Бартольд, 1963в: 242). Осы кезден бастап қарлұқтар билеуші халық ретінде емес, екінші деңгейдегі тайпа ретінде қарастырылған. Яғни, жоғарыда көрсетілген деректер О.Прицактың 840 жылдан кейін қарлұқтардың жабғуы даланың толыққанды билеушісі және оның мұрагерлері Мауреннахрдың жаулап алушылары деген тұжырымының қате екенін көрсетеді. Қараханидтердің билеуші әулетін құруы мүмкін келесі ірі тайпалардың бірі яғма болған. Олардың бір бөлігі X ғасырда қарлұқтармен бірге Нарыннан оңтүстікке таман мекендеген. Кейінірек XI ғасырда яғма анағұрлым солтүстікке таман – Іле өзенінің алқабында өмір сүреді (Бартольд, 1968: 71). О. Прицактың жазуынша яғмалар қарлұқтардың ең маңызды үш руының қатарында болған дейді. Қарахан мемлекетінің құрылуы мен оның саяси жағынан күшеюі барысында екі рудың арасында әскери-саяси одақтың қалыптасқаны анық. Бірақ яғмалардың қарлұқ тайпаларына жататыны күмән туғызады. Шығыс авторларының мәліметтері яғма руларын тоғыз-оғыздармен этногенетикалық жағынан байланыстырып, оларды тоғыз-оғыздардың алдыңғы қатарлы бұтағы ретінде атаған (Jon Athan Karam Skaff, 2012: 189). Сондай-ақ, яғмалар тоғыз-оғыз конфедерациясына кірген яньмянь тайпасы дегенде пікірлер бар. «Худуд ал-Алам» деген еңбекте яғма елінің шығысында тоғыз оғыздардың мекені болса, батысында қарлұқтар қоныс тепкен. Олардың билеушісі тоғыз-оғыздардың әулетінен шыққан. Яғмалар күшті, жауынгер, әрі мықты адамдар. Олардың басты байлығын отар-отар қой менен жылқылар құраған. Бұлақ тоғыз оғыздармен аралас тұрған яғманың руы деп көрсетілген. Яғмалар Қашғар, Артудж, Крымқыны мекен еткен (Пилипчук, 2016: 63).

981 жылы Ван Ян-дэнің саяхаты кезінде ян-мо тайпасы Гаочандағы ұйғырлардың арасында жетекші рөл атқарған. Бірақ олардың ең басты бөлігі IX-X ғасырларда Орталық және Батыс Тянь-Шанда солтүстігінде қарлұқтармен көрші орналасқан еді (Бартольд, 1973: 504-546). Махмұт Қашғари болса яғмаларды Талас және Шу өзендерінің алқабында басқа тайпалармен бірге қоныстандырады. Яғмалардың Жетісудің солтүстігіне қарай қозғалысын бұл өлкені Қарахан әулетінің басып алуымен байланыстырады (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 118). Жазба деректердің біріңде яғмалардың билеушісі Боғрахан лауазымы болғаны туралы жазылады. Осы мәліметтің негізінде кейбір зерттеушілердің ара-

сында Қарахан әулетінің шығу тегі яғмалардан шыққан деген пікір қалыптасады. Шынында да яғмалар қараханидтер басқарған тайпалар одағында маңызды рөл атқарған. Алайда біз зерттеп отырған әулет яғмалардан шыққан – деп айта алмаймыз. Оны мынадан көре аламыз. Мәселен, Жүсіп Баласағұн «Тыңда, яғманың асыл бекзадасы не айтып тұрғанын, оның ақылы кез-келген мәселені шеше алады», – деп жайдан-жай яғма бекзадасын атап кетпеген (Валитова, 1964: 5). XII ғасырдағы «Акбар-адаулет ас-сельджуйкийе» деп аталатын жылнамада қарахандық топ көсемдердің бірі яғмадан шыққанын айтады. «Муджмал ат-Таварих» деген еңбекте яғмалардың билеушісі Боғра хан деп аталған (Пилипчук, 2016: 63-73). Махмұт Қашғари түрік тайпаларының тілін екі топқа бөледі: біріншісі оғыздар, екіншісі шігілдер мен түріктік (қағандық). Мұнда тілдер бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Яғма тілін ол оғыздар орналасқан топқа кіргізеді. Мысалы, автордың жазуынша яғма, тухси, қыпшақ, ябак, татар, қай, жұмыл және оғыз тілдері өзара туысқан делінеді (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 118). Яғни осы топқа кірген яғманың тілі одан тыс түрік тілінің басқа тобына кірген қарахандықтардың тілі болуы мүмкін емес.

Қарахан мемлекетінің негізін қалауда ең басты рөлдің бірін атқарған түркештер еді. Түркештер туралы алғашқы мәліметтерде олардың моңғолдық Алтайдың оңтүстік-батыста мекендегені жөнінде жазылады. Онда түркештер Батыс Түрік конфедерациясының бір саласын құраған. 711 жылы Шығыс Түрік қағанатының әскерлері Алтай, Ертісті басып өтіп Жетісудің солтүстік бөлігіндегі Нарын жазығында түркештерді талқандаған. Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарының күресі кезінде түркештер оңтүстік-батысқа қарай ығыстырылып, негізінен Жетісудің жерінде жиналады. VIII ғ. екінші жартысында қара және сары түркештердің арасында билік үшін болған соғыстардың салдарынан қарлұқтарға төтеп бере алмайы. Бірақ олар қарлұқтардың билігіне кірсе де, алдында мекендеген жерлерінен кетпеген. Гардизи түркештерді тухси және аз деп екі топқа бөледі (Волина, 1939: 440). Кейбір деректерге назар аударсақ аздар ертеректе қазіргі Туваның батыс бөлігінде өмір сүрген. Л.П. Потаповтың ойынша 716 жылы Қаракөлдің бойында Шығыс Түрік қағанаты талқандалған соң олардың басым бөлігі оңтүстік-батысқа кетіп, Жетісудағы түркештермен араласып кетеді. Ал қалған бөлігі өздерінің атауын сақтай отырып, Саян-Алтай халықтарының

құрамына кірген (Потапов, 1969: 166-167). Тухси деген атау алғаш рет Орталық Тянь-Шан мен Жетісуда билік құрған қарлұқтардың қол астында жүрген кезінде аталады. Тухси-қарлұқтар туралы жазған Гардизидің мәліметін талдаған В.Ф. Минорский олар Іле Алатауындағы Қастек асуының батысында мекен еткен деген қорытындыға келеді (Волина, 1939: 442). Махмұт Қашғари тухсилерді түрік тайпаларының қатарына қоса отырып, оны басқалармен бірге Іле алқабына қоныстандырады (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 187). Ал-Марвази болса тухсилерді түргештерге емес, қарлұқтардың қатарына қосады (Храковский, 1959: 210). Шығыс авторларының еңбектеріндегі мұндай қарама-қайшылықтардың себебі түркештер мен қарлұқтар Жетісудағы билікті алма-кезек алмастыруында жатса керек. Жазба деректерде түркеш тайпаларының Қарахан әулетінің саяси өмірінде араласқаны туралы мәліметтер кездеспейді. Бірақ тухси мен аздардың X-XII ғасырларда қоныстанған орындарына байланысты олардың Қарахан мемлекетінің құрамына кіргені анық. Шығу тегі жағынан түркештер пен қарлұқтар, сондай-ақ Қараханның шығыс бөлігінде қоныстанған соғдылармен байланысты арғу тайпаларына тоқталып кеткен жөн. «Диван лұғат ат-түрікте» Аргу елі деп Баласағұн мен Исфиджабтың арасындағы өңірді атаған. Сол сөздікте арғу тілінде көптеген мысалдар келтіріліп, осы тілде сөйлейтін тұрғындардың ерекше тобының болғанын дәлелдейді (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 148). Кейбір зерттеушілер арғуды түргештердің руына жатқызады (Шаниязов, 1974: 20). С.М. Муталлибов Махмұт Қашғаридің лингвистикалық мәліметтеріне сүйене отырып, арғулар деп XI ғасырдың бас кезінде жеті тайпаның араласуының нәтижесінде пайда болған этникалық қауымдастықты атаған деген қорытындыға келеді. Біздің ойымызша бұл араласуға соғдылар мен түрік халықтары, бірақ бәрінен бұрын оған қарлұқтар мен түркештер қосылған. Егерде Махмұт Қашғаридің «арғу» деген сөзі «аралас» деген мағынада қазіргі «арғынға» келетін болса, онда жоғарыда көрсетілген пікірлердің дұрыс екеніне еш күмән келтіруге болмайды (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 30). Сонымен соғдылар мен арғулар Қарахан әулетінің шығыс иелігінің тұрғындары болған. Орталық Азияның VIII ғасырдағы саяси жағдайын сипаттауда Жетісудағы және Сырдария өзенінің шығыс бөлігіндегі қарлұқ одағының, сондай-ақ Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыз тайпалық одағының құрылуы маңызды бо-

лып табылады. Осыған байланысты енді оғыздарға келсек, олар ертеректе солтүстік-шығыс Моңғолияны мекендеген. Кейінірек, әсіресе VIII-IX ғасырларда оғыздар батысқа қарай жылжиды (Бартольд, 1963б: 56-57). Өбілғазы оғыздар мен түркімендердің ертеректе Алмалық пен Ыстықкөлге дейінгі жерлерде қоныстанғанын жазады (Кононов, 1958: 56-57). Истахридың дерегінде оғыздардың иелігі «хазар, кимақ, хазладжей, бұлғар және Журуджаннан Фараб пен Исфиджаб сияқты ислам аймақтарының шекарасына дейінгі жерлер» аралығында жатыр делінген (Ромодин, 1973: 16). Ал Ак-Мукаддаси болса хазладжейлердің қыстауын Тараздың шығысынан 5 фарсах қашықтықтағы қарлұқтардың қонысына жақын орналасқан дейді (Крачковский, 1957: 211-218). Яғни, оғыздар мен хазладжилер Талас алқабында бір-біріне көрші тұруы мүмкін. Ал-Ыдырысидың оғыздар туралы жазып кеткен мол географиялық мәліметіне сүйене отырып, С.Г. Агаджанов оғыздардың жекелеген топтарының шығыс жағы X ғасырда Балқаштың оңтүстігіне дейін созылған деген қорытындыға келеді (Агаджанов, 1969: 72). Қарахан әулетінің саяси жағынан көтерілу барысында оғыз тайпалары Талас өзенінің маңайында қоныс тепкенін Махмұт Қашғариде айтып кетеді. Оның келтірген мәліметінде оғыздар мен шігілдер Талас алқабында бір-бірімен көрші ретінде өзара жауласып тұрған. Нәтижесінде оғыздар батысқа қарай көшіп кеткен. Шығыс авторларының ішінде түркімен деген атау алғаш рет ал-Мукаддасидің еңбегінде кездеседі. Оның мәліметі бойынша Орду қаласында түркімендердің патшасы өмір сүрген және ол жыл сайын Исфиджабтың билеушісіне сыйлықтар жөнелтіп отырған. Егерде ортағасырдағы Орду қаласын есепке алатын болсақ, онда түркімендердің бір тобы қарлұқтардың арасында тұрған болып шығады (Бартольд, 1963б: 549). Осылайша шығыс авторларының мәліметтері оғыздар мен түркімендер Қараханидтердің Мауреннахрды жаулап алудың алдында шығысында Талас алқабына дейін қоныстанғанын айқындайды. Ибн ал-Асир өзінің шығармасының бірінде оғыздар Самарқандтың қараханидтік билеушісі Арслан ханның әскерінің қатарында болғанын айтып кетеді (Ромодин, 1973: 16). Джувейнидің жазуынша 1158 жылы қарақытайлар Илек түркімен бастаған он мыңдық әскерді Хорезм шах Иль-Арсланға қарсы соғысып жатқан самарқандтық ханға көмекке жіберген. В.В. Бартольдтың болжамынша Илек түркімен ертеректе Баласағұнның билеушісі

болған (Бартольд, 1963а: 397). Дегенмен оғыздар мен түркімендер Қарахан мемлекетін құруға белсенді түрде араласқанымен оның билеуші әулеті олардан шыққан емес деп толық айта аламыз. Өйткені оған бұл тайпалардың X ғасырдың аяғында Талас өзенінің алқабында, одан кейін Мавернахрда қараханидтермен күресі дәлел бола алады. Ғылыми әдебиетте Қарахан қағанатының негізін құрған тайпалардың бірі ретінде шігілдер деп айтылады. Оның үстіне В.В. Бартольд Шігіл оғыздардан басқа бүкіл түріктердің аталары болып келуі мүмкін деген ой тастайды (Бартольд, 1963б: 579). В.В. Бартольдтың жазуынша X ғасырда шігіл атауы түрік тайпаларының басым бөлігіне қолданылған. Сондықтан деді ол шігілдер оғыздардың басқа көшпелі түріктердің аталары болып табылды. Оның үстіне оғыздар Амудариядан шығысқа қарайғы жерлерді мекендеген түріктерді шігілдер деген (Бартольд, 1963б: 578). В.В.Бартольд өзінің басқа еңбегінде селжұқ заманында шыққан түріктердің генеалогиялық аңыздарда оғыздар емес шігілдердің кездесетіні жөніндегі мына аңызды жария етеді: «Селжұқтардың империясының кезеңінде тараған түріктердің шығу тегі туралы аңызда Оғыз деген атау кездеспейді, бірақ Шігіл деген есімнің бар болуымен қызықты» (Бартольд, 1963б: 578-579). В.В. Бартольдтың айтқан пікірін дәлелдеу үшін Қарахан әулетінің шігілдерден шыққанын дәлелдейтін тарихи фактілерді келтіріп кеткеніміз жөн. Фирдоусидің дастанында Орталық Азиядағы билік үшін таласқа түскен Қарахан мен Газневи әулеттерінің арасында шігілдер туралы мәліметтер беріліп, онда Қараханның билеушісі өзінің баласына соғысу үшін ең сенімді 30 мың шігілдерді және оларға қоса тараздықтардан, оғыздардан және қарлұқтардан құралған 30 мың атты әскерін береді (Фирдоуси, 1964: 39). Жалпы шігілдер Қараханның негізгі әскери күшін құраған. Мәлікшах сұлтанның Мауреннахрға жасаған жорығында да Қарахан әскерінің ең басты әскери күштері де шігілдерден тұрған (Edited by Denis Sinor, 2008: 355). Яғни, X ғасырда Жетісу тұрғындардың бірі шігілдер Қарахан мемлекетінің құрамында шешуші рөл атқарған. Сондай-ақ Фирдоусидің дастанында көрсетілгендей Қараханға берілген әскердің тең жартысы шігілдерден тұрғаны ерекше назар аудартады. Ал қалғандары оғыз, қарлұқ және Тараздың тұрғындары. Егерде осы мәліметтер автордың өмір сүрген уақытына дәл сәйкес келетін болса, онда шігілдер Қарахан әулетінің әскери тірегі болған.

Деректерде Қарахан мемлекетінің негізін қалаған тайпалардың оғыздармен арадағы байланыстары туралы мәліметтер сақталып қалған. Мәселен, Махмұд Қашғари Қарахан кезеңіндегі шігілдердің оғыздармен байланысын жазған. Оның мәліметі бойынша шігілдер мен оғыздар Талас өзенінің алқабында жақын көрші орналасып, бір-бірімен жауласып тұрған. Кейін оғыздар шігілдерден ығысып, батысқа қарай көшіп кеткен. Шығыс авторларының мәліметі бойынша X ғасырда оғыздардың кейбір тайпалары Тараздың маңында қоныстанған. Бұл деректер оғыздар мен шігілдердің өзара араласып тұрғанын көрсетеді. Шігілдердің ертедегі тарихын жүйеге келтіруде кейбір авторлар оның алғашқы атауын анықтауға тырысқан. Сол авторлар шігілдерді түріктердің шато және чуюэ, сондай-ақ оғыздардың тайпасы байаркумен байланыстырады (Зуев, 2002: 257-259). Шектер ертеде теле, яғни тоғыз оғыз тайпаларының құрамына кірген және көне түрік жазбасына назар аударсақ, ерте ортағасырда қазіргі Батыс Тувада өмір сүріп, Саян-Алтайдағы басқа халықтармен бірігіп Орталық Азиядағы қағанаттардың билігіне қарсы күрес жүргізген (Малов, 1959: 11). Осы күрестің нәтижесінде шектердің басым бөлігі Оңтүстік Сібірдің басқа да тайпаларымен бірге оңтүстік-батысқа қарай жылжып, Жетісуға келіп қоныстанады (Потапов, 1964: 81). Қытай деректерінде шігілдер асицзе деген атаумен белгілі болып, нушибилердің тайпалық одағына кіреді. Он оқтан тұратын түріктердің бес көсемдерінің екеуі эзгилейден болды. Олар Эзгиль Күлеркін және Эзгиль Низук еркін (қытайлық деректерде былай деп берілді: Асицзе Цюесыцзинь және Асицзе Нишу сыцзинь). «Худуд ал-Аламның» берген мәліметі бойынша Сикул қаласы қарлұқтар мен шігілдердің шекарасында орналасқан. Шігілдер негізінен киіз үйлерде тұрған. Олардың басты байлығы сиыр, қой, жылқылардан құралған. 651 жылы шігілдер чомулдар және қарлұқтармен бірге Хелу қағанға қосылады. 673 жылы шігілдер гунюе (кюнгют) тайпаларымен қосылып қытай билігіне қарсы көтеріледі (Пилипчук, 2016: 65). 981 жылы Янь-дэ саяхатшы Турфан иелігінде үлкен және кіші чжун-юнь деген халықтың болғанын айттып кетеді. Дж.Р. Гамильтон болса оларды бір жағынан хотан тіліндегі сйһйда, екінші жағынан чу-юе деп аталатын Батыс Түрік қағанатындағы түрік тайпаларының бірімен байланыстырады. Г. Вейль бұл хотандық сөзді *č̣ṭm̄l* дегенмен, ал П. Пелью болса чу-юені шігіл деп таниды. Дж.Р. Гамильтонда чжун-юнь деген иероглифты чу-

гюл деп оқи отырып, оны шігілдермен байланыстыруды ұсынады (Зуев, 1960: 10). Шігілдердің елдерін сипаттаған кезде ол жерлер бастапқыда қарлұқтардың иелігіне кірген. Оңтүстігі мен шығысында тухсилер, солтүстігінде қырғыздар орналасқан. Оның үстіне XIII ғасырдағы ал-Ауфиден көшірген немесе сол пайдаланған деректен алған мәліметтер бойынша ал-Марвази шігілдерді қарлұқтардың тоғыз руына кіргізеді (Храковский, 1959: 124). Бірақ бұл мәліметтер шігілдер мен тухсилер өз алдына тайпалар деген Гардизидің еңбегіне қайшы келеді. «Бес әулеттің тарихы» атты еңбекте ұйғырлардың тоғыз рулары қарлұқ және басмылдармен бірге «он бір тайпа» деп аталатын халықты құрады дегенді оқимыз. Бұл тұста шамасы автор тайпалардың әскери-саяси одағын меңзеп тұрса керек. Басқа да жазба деректерде де қарлұқ тайпаларының тізімі берілген. Бірақ онда шігіл мен яғмалардың атаулары мүлдем кездеспейді (Бартольд, 1973: 43-44). В.В. Бартольд жазба деректерде кездесетін мәліметтерге сүйене отырып, шігілдердің Жетісудағы Ыстықкөл ойпатында орналасқанын анықтаған. Ибн Хордадбек келтірген түрік халықтарының тізімінде шігілдер туралы айтылады. Зерттеушілер олардың бір бөлігі Таразда, ал қалғаны Ыстықкөлдің шығысында өмір сүрген шігілдермен байланыстырады (Ибн Хордадбека, 1986: 144). В.Ф. Минорский болса шігілдерді Ұзынағаштан бастап бір шетін Ыстықкөлге дейін апарды. Шамасы шігілдер Тараз маңында, Құяста, Барсхан сыртында, Шігіл мекенінде және тағы басқа өңірлерде шоғырлана қоныстанған бірнеше ірі тайпалық топтардан тұруы мүмкін. XII ғасырдағы белгісіз автор Түріктің, Яфеттің балаларын айтады. Түріктердің ата-бабалары Тутель, Шігіл, Барсхан және Илақ деп аталады. Соңғы үшеуі шігіл, барсхан және илақтың аталары болып келеді (Бартольд, 1963б: 578). Бірақ деректерде «барсхан» деген атау кездеспейді. Ыстықкөлдің оң жағалауындағы Барсханның ауданында шігілдер тіршілік еткен. Осыған байланысты Түріктің Шігіл мен Барсхан деген екі ұлының ұрпақтары шігілдер болуы әбден мүмкін. Олар түріктердің генеалогиясына Қарахан мемлекетіндегі билеушілік рөл атқарғанының арқасында кірген болуы керек. Мәселен Махмұд Қашғаридің еңбегінде қалашықта тұратын малшы шігілдерді «Барсханның арғы жағындағы Қияста тұратын көшпелілердің бірі» деп атайды. Махмұд Қашғари оны Тараз маңындағы «бекініс қала» дей отырып, «Шігіл деп аталатын бұл бекініс осылай салынған болатын. Кейін бұл бекіністі мекенде-



ген түріктер де шігіл деп атала бастады. Бұл атау кейін де таралауын тоқтатпайды. Ал оғыздардың үйлері осы бекініспен көрші ораласқан кезде олар үнемі Шігілдің тұрғындарымен соғысады. Сондай-ақ олар шігілдердің киімін киген барлық түріктерді шігілдер делінеді» (Шахматов, 1960: 144). 942 жылы шігілдердің арасында Абу Дулаф былай дейді: «әрбір ауылда өзінің билеушісі (төре). Түріктер ол кезді «әр үйдің басшысы – қара хан», – билеген заман деп атайды. Яғни бұл дегеніміз әр үйдің өз ханы деген сөз» (Конов, 1958: 47). Абу Дулаф шігілдердің иелігін 40 күн аралаған. Осыдан-ақ шігілдердің саны өте көп болғанын екенін дәлелдейді. Автордың жазуынша сол кездері, атап көрсеткенде Х ғасырдың 40 жылдарында шігілдерде ортақ билеуші болмаған. Кейін 980 жылы «Худуд ал-алам» деген шығарманың жазған кезде шігілдер өз араларынан билеушіні сайлап алған болатын (Бартольд, 1973: 530). С.М. Муталлибовтың Қараханидтердің дәуірінде көптеген түрік диалектілерін біріктіруде шігілдердің тілі ең басты рөл атқарды деген пікірмен келісуге болады. Осы мәселе бойынша Э.Р. Тенишев былай деп жазады: Қызығы сол Махмұт Қашғари басқа тілдерді талдауға алған кезде міндетті түрде шігілдердің тілін мысалға келтіретін. Шамасы бұл сол кездегі Қарахан мемлекетіндегі шігілдердің көп болуынан немесе шігіл тілін көпшілігі тұтынғаннан туындауы мүмкін» (Махмуд ал-Кашғари, 2005: 544). Ал бұл дегеніміз шігілдердің саяси жағынан биік белестерге көтерілгенін дәлелдей түседі.

### Қорытынды

Қарахан әулетінің шығу тегі және олардың түріктің қай тайпасынан шыққаны жөніндегі мәселелерді анықтауда қарахандық билеушілердің ұйғыр, түркімен, қарлұқ, түркеш, яғма,

тухси және тағы басқа да тайпалардан тарайды деген кейбір зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдары түрлі деректер мен зерттеулер арқылы сыни тұрғыдан талдауға алынып, теріске шығарылды. Өйткені бұл тайпалар Қарахан мемлекетін құруда маңызды рөл атқарғанымен, дәл Х ғасырда олардың біртұтас билік құруы тоқтатылған еді. Қарахан әулеті мен мемлекетінің негізін қалаудағы тайпаны анықтауда В.В. Бартольдтың шігіл оғыздардан басқа бүкіл түріктердің аталары болып келуі мүмкін деген пікірі басшылыққа алынды. Көптеген деректерге сүйенген В.В. Бартольд Х ғасырда шігіл атауы түрік тайпаларының басым бөлігіне қолданылған, сондықтан шігілдер көшпелі түріктердің аталары болып табылды, тіпті оғыздардың өзі Амудариядан шығысқа қарайғы жерлерді мекендеген түріктерді шігілдер деп атаған дегенді алға тартады. Жалпы шігілдер Қараханның негізгі әскери күшін құрағаны, Мәлікшах сұлтанның Мауреннахрға жасаған жорығында да Қарахан әскерінің ең басты әскери күштері де шігілдерден тұрғаны, Х ғасырда Қарахан мемлекетінің құрамында шешуші рөл атқарғаны туралы мәліметтер деректерде молынан кездеседі. Фирдоусидің дастанында көрсетілгендей, Қараханға берілген әскердің тең жартысы шігілдерден тұрғаны ерекше назар аудартады. Бұған қоса Абу Дулаф шігілдердің иелігін 40 күн аралағанынан олардың саны өте көп болғанын дәлелдейді. Махмұт Қашғаридің өзі басқа тілдерді талдауға алған кезде міндетті түрде шігілдердің тілін мысалға келтіретін. Мұның өзі Қарахан мемлекетіндегі шігілдердің көп болуынан немесе шігіл тілін көпшілігі тұтынғаннан туындауы мүмкін. Міне осындай жоғарыда келтірілген мәліметтердің негізінде шігілдер қарлұқ, яғма, тухси және басқа да тайпалардың одағына сүйене отырып Қарахан мемлекетін құрды деген қорытындыға келеміз.

### Әдебиеттер

- Агаджанов С.Г. (1969) Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. Ашхабад: Ылым. 296 с.
- Аристов Н.А. (1896) Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина. Вып. III и IV. С.277-456.
- Бартольд В.В. (1963а) Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Москва: Восточная литература. Т.1. 763 с.
- Бартольд В.В. (1963б) Общие работы по истории Средней Азии. Москва: Восточная литература. Т.2. Ч.1. 1007 с.
- Бартольд В.В. (1963в) История культурной жизни Туркестана. Москва: Восточная литература. Т.II. Ч.1. 1020 с.
- Бартольд В.В. (1968) Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Москва: Наука. Т.5. 757 с.
- Бартольд В.В. (1973) Введение к изданию Худуд ал-алам. Москва: Наука. Т.VIII. 723 с.
- Валитова А.А. (1964) Этнонимы в тюркоязычном памятнике XI в. Москва. 15 с.
- Волина С.Л. (1939) Материалы по истории туркмен и Туркмены. Москва. Ленинград: АН СССР. 612 с.
- Греков Б.Д. (1958) Очерки истории СССР IX-XIII вв. Москва: Академии наук СССР. 947 с.

Григорьев В.В. (2011) Об арабском путешественнике X века Абу-Долефе и странствовании его по Средней Азии. Москва: Книга по Требованию. 49 с.

Григорьев В.В. (1874) Караханиды в Мавераннагре по Тарихи Мюнедджим-баши. Санкт-Петербург: тип. Имп. акад. наук. 70 с.

Давидович Е.А. (1957) Нумизматические материалы для хронологии и генеалогии среднеазиатских Караханидов. Труды ГИМ. Вып. 25. С. 91-119.

Зуев Ю.А. (1960) Тамги лошадей из вассальных княжеств. Алматы: Академия наук Казахской ССР. 50 с.

Зуев Ю. (2002) Ранние тюрки: очерки истории идеологии. Алматы: Дайк Пресс. 332 с.

Ибн Хордадбех. (1986) Книга путей и стран. Баку: Элм. 428 с.

Караев О. (1983) История Караханидского каганата (X-начало XIII вв). Фрунзе: Илим. 300 с.

Кляшторный С.Г. (1972) Эпоха Махмуда Кашгарского. Советская Тюркология. №1. С.15-26.

Кононов А.Н. (1958) Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. Москва. Ленинград. 192 с.

Крачковский И.Ю. (1957) Избранные сочинения. Москва. Ленинград. Т.4. 920 с.

Малов С.Е. (1959) Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. Москва. Ленинград. 112 с.

Махмуд ал-Кашгари. (2005) Диван лугат ат-турк. Алматы: Дайк Пресс. 1288 с.

Пилипчук Я. Тюркские племена Центральной Азии и караханидской каганат. Тюркология. Баку. 2016. №4. С. 63-73.

Потапов Л.П. (1964) История Тувы. Москва: Наука. Т.1. 412 с.

Потапов Л.П. (1969) Этнический состав и происхождение алтайцев. Ленинград. 195 с.

Ромодин В.А. (1973) Материалы по истории киргизов и Киргизии. Москва: Наука. 280 с.

Фирдоуси. (1964) Шахнаме в двух книгах / Пер. В.Л. Державина и С.Л. Липкина. Москва: Худ. Литература. 751 с.

Храковский В. (1959) Шараф ал-Заман Тахир Марвази. Труды сектора востоковедения АН КазССР. Т.1. С.208-218.

Шаниязов К. (1974) К этнической истории узбекского народа (историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента). Ташкент: Фан. 341 с.

Шахматов В. (1960) Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Алматы: АН КазССР. 225 с.

Edited by Denis Sinor. (2008) The Cambridge history of Early Inner Asia. Distinguished professor emeritus of Uralic and Altaic Studies Indiana university. Cambridge university press. 494 p.

Edouard Chavannes. (1900) Documents sur les Tou-kiue (Turcs) occidentaux. Paris. 380 p.

Hudud al-Alam. (1982) The Regions of the World. A Persian Geography 372 A H. – 982 A. D. Tr. and expl. by V. Minorsky. Cambridge University Press. 524 p.

Jon Athan Karam Skaff. (2012) Sui-Tang China and Its Turko-Mongol Neighbors Culture, Power, and Connections. 580–800. Oxford University Press. 400 p.

## References

Agadzhanov S.G. (1969) Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednej Azii IX-XIII vv. [Essays on the history of the Oguzes and Turkmens of Central Asia IX-XIII c.]. Ashkhabad: Ylym. 296 s.

Aristov N.A. (1896) Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemen i narodnostej i svedeniya ob ih chislennosti. [Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information about their numbers]. ZHivaya starina. Vyp. III i IV. S.277-456.

Bartol'd V.V. (1963a) Turkestan v epohu mongol'skogo nashestviya. [Turkestan in the era of the Mongol invasion]. Moskva: Vostochnaya literatura. T.1. 763 s.

Bartol'd V.V. (1963 b) Obshchie raboty po istorii Srednej Azii. [General works on the history of Central Asia]. Moskva: Vostochnaya literatura. T.2. CH.1. 1007 s.

Bartol'd V.V. (1963v) Istoriya kul'turnoj zhizni Turkestana. [The history of the cultural life of Turkestan]. Moskva: Vostochnaya literatura. T.II. CH.1. 1020 s.

Bartol'd V.V. (1968) Dvenadcat' lekcij po istorii tureckih narodov Srednej Azii. [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia]. Moskva: Nauka. T.5. 757 s.

Bartol'd V.V. (1973) Vvedenie k izdaniyu Hudud al-alam. [Introduction to Hudud al-Alam]. Moskva: Nauka. T.VIII. 723 s.

Valitova A.A. (1964) Etnonimy v tyurkoyazychnom pamyatnike XI v. [Ethnonyms in the Turkic-speaking monument of the 11th century]. Moskva. 15 s.

Volina S.L. (1939) Materialy po istorii turkmen i Turkmeny. [Materials on the history of Turkmens and Turkmeny]. Moskva. Leningrad: AN SSSR. 612 s.

Grekov B.D. (1958) Ocherki istorii SSSR IX-XIII vv. [Essays on the history of the USSR IX-XIII centuries]. Moskva: Akademii nauk SSSR. 947 s.

Grigor'ev V.V. (2011) Ob arabskom puteshestvennike X veka Abu-Dolefe i stranstvovanii ego po Srednej Azii. [About the Arab traveler of the X century Abu-Dolef and his wanderings in Central Asia]. Moskva: Kniga po Trebovaniyu. 49 s.

Grigor'ev V.V. (1874) Karahanidy v Maverannagre po Tarihi Myuneddzhim-bashi. [Karakhanids in Maverannagr by Tarihi Myuneddzhim-bashi]. Sankt-Peterburg: tip. Imp. akad. nauk. 70 s.

Davidovich E.A. (1957) Numizmaticheskie materialy dlya hronologii i geneologii sredneaziatskih Karahanidov. [Numismatic materials for the chronology and geneology of the Central Asian Karakhanids]. Trudy GIM. Vyp. 25. S. 91-119.

Zuev YU.A. (1960) Tamgi loshadej iz vassalnih knyazhestv. [Tamgas of horses from vassal principalities]. Almaty: Akademiya nauk Kazahskoj SSR. 50 s.

- Zuev YU. (2002) Rannie tyurki: ocherki istorii ideologii. [The Early Turks: Essays on the History of Ideology]. Almaty: Dajk Press. 332 s.
- Ibn Hordadbekh. (1986) Kniga putej i stran. [Book of paths and countries]. Baku: Elm. 428 s.
- Karaev O. (1983) Istoriya Karahanidskogo kaganata (H-nachalo XIII vv). [History of the Karakhanid Khaganate (X-beginning of the 13th centuries)]. Frunze: Ilim. 300 s.
- Klyashtornyj S.G. (1972) Epoha Mahmuda Kashgarskogo. [The era of Mahmud of Kashgar]. Sovetskaya Tyurkologiya. №1. S.15-26.
- Kononov A.N. (1958) Rodoslovnaya turkmen. Sochinenie Abu-l-Gazi hana hivinskogo. [Pedigree of Turkmens. Composition of Abu-l-Ghazi Khan of Khiva]. Moskva. Leningrad. 192 s.
- Krachkovskij I.YU. (1957) Izbrannye sochineniya. [Selected writings]. Moskva. Leningrad. T.4. 920 s.
- Malov S.E. (1959) Pamyatniki drevnetyurkskoj pis'mennosti Mongolii i Kirgizii. [Monuments of ancient Turkic writing in Mongolia and Kyrgyzstan]. Moskva. Leningrad. 112 s.
- Mahmud al-Kashgari. (2005) Divan lugat at-turk. [Sofa lugat at-turk]. Almaty: Dajk Press. 1288 s.
- Pilipchuk YA. Tyurkskie plemena Central'noj Azii i karahanidskoj kaganat. Tyurkologiya. [Turkic tribes of Central Asia and the Karakhanid Khaganate]. Baku. 2016. №4. S. 63-73.
- Potapov L.P. (1964) Istoriya Tuvy. [History of Tuva]. Moskva: Nauka. T.1. 412 s.
- Potapov L.P. (1969) Etnicheskij sostav i proiskhozhdenie altajcev. [Ethnic composition and origin of the Altaians]. Leningrad. 195 s.
- Romodina V.A. (1973) Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. [Materials on the history of the Kirghiz and Kyrgyzstan]. Moskva: Nauka. 280 s.
- Firdousi. (1964) SHahname v dvuh knigah. [Shahnameh in two books]. Per. V.L.Derzhavina i S.L.Lipkina. Moskva: Hud. Literatura. 751 s.
- Hrakovskij V. (1959) SHaraf al-Zaman Tahir Marvazi. [Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi]. Trudy sektora vostokovedeniya AN KazSSR. T.1. S.208-218.
- SHaniyazov K. (1974) K etnicheskoj istorii uzbekskogo naroda (istoriko-etnograficheskoe issledovanie na materialah kipchakskogo komponenta). [To the ethnic history of the Uzbek people (historical and ethnographic study on the materials of the Kipchak component)]. Tashkent: Fan. 341 s.
- SHahmatov V. (1960) Novye materialy po drevnej i srednevekovoj istorii Kazahstana. [New materials on the ancient and medieval history of Kazakhstan]. Almaty: AN KazSSR. 225 s.
- Edited by Denis Sinor. (2008) The Cambridge history of Early Inner Asia. Distinguished professor emeritus of Uralic and Altaic Studies Indiana university. Cambridge university press. 494 p.
- Edouard Chavannes. (1900) Documents sur les Tou-kiue (Turcs) occidentaux. Paris. 380 p.
- Hudud al-Alam. (1982) The Regions of the World. A Persian Geography 372 A H. – 982 A. D. Tr. and expl. by V. Minorsky. Cambridge University Press. 524 p.
- Jon Athan Karam Skaff. (2012) Sui-Tang China and Its Turko-Mongol Neighbors Culture, Power, and Connections. 580–800. Oxford University Press. 400 p.